

Келісілген:
Ақсу қалалық білім бөлімінің
басшысы Смағұлов Қ.Т.
« » 2024ж.



**«Ақсу қаласының Ыбырай Алтынсарин атындағы
қазақ орта мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**2024-2025 оқу жылына
арналған оқу-тәрбие ұрдісінің ұйымдастыру
жоспары**

**Педагогикалық кеңестің мәжілісінде талқыланды
«26» тамыз 2024ж.**

Жоспардың мазмұны	
Мектеп туралы ақпарат	
2023-2024 оқу жылындағы оқу – тәрбие үрдісінің сараптамалық талдауы	1-80
2024-2025 оқу жылына арналған оқу-тәрбие үрдісінің жоспары	
Мектеп ұжымының тақырыбы, мақсаты, міндеттері	81
1 тарау.	82
1.1. Жаппай білім беру заңы бойынша орындау іс-шаралары	
1.2. ҚР-ның тілдер заңының орындалуы	83
1.3. Білім саласын ақпараттандыру бағдарламасын іске асыру	84
1.4. Салауатты өмір салтына арналған жоспар	86
2 тарау. Әдістемелік жұмыс. Педагогикалық кадрлармен жұмыс	
2.1. Инновациялық педагогикалық тәжірибе	90
2.2. Жас мұғалімдермен атқарылатын жұмыс жоспары	91
3 тарау. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын орындалуын ұйымдастыру және оқу-тәрбие үрдісін жетілдіру	
3.1. «Баршаға қолжетімді сапалы білім» Ұлттық баяндамасы негізінде құрылған жол картасын іске асыру бойынша Мектеп жұмыс жоспары	93-96
3.2. Дарынды оқушылармен жұмыс	97
3.3. Мемлекеттік және сыныптан сыныпқа көшу емтихан жұмыстары. Мектеп бітірушілерінің қорытынды аттестаттау дайындық жұмыстарының жоспары	98
3.4. ҰБТ-ға дайындық жұмыстарының жоспары	102
3.5. «Алтын белгі» үміткер оқушылардың білім сапасын көтеруге арналған іс-шаралар жоспары	104
3.6. Үлгерімі төмен білім алушылардың жұмысты ұйымдастыру жоспары	106
3.7. Білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингісіне дайындық жұмыстарының	108

жоспары /МОДО/	
3.8.PISA, PIRLS, ICILS, TIMSS, TALIS – Халықаралық зерттеулеріне дайындық бойынша іс-шаралар жоспары	110
3.9. Психологиялық- педагогикалық қолдау қызметінің 2023-2024 оқу жылдарына арналған жұмыс жоспары / Ерекше білім беру қажеттілігі (ЕБҚ) және үйден оқитын оқушыларға/	112
3.10. Білім берудің бастауыш және негізгі сатылары арасындағы оқытудың сабақтастығын қамтамасыз ету жоспары	115
4 тарау. ТҮ ұйымдастыру және басқару, оқушылармен және ата-аналармен тәрбие жұмысын ұйымдастыру	
4.1. Тәрбие жұмысының жылдық жоспары	117
4.2. Мектеп кітапханасының жоспары, «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша іс-шаралар жоспары	141
5 тарау. Оқу-тәрбие үрдісінің психологиялық – әлеуметтік бірлесуін ұйымдастыру	
5.1. Психологиялық қызметтің жұмысы	162
5.2. Әлеуметтік педагогтың жұмысы	162
6 тарау. Басқару мен бақылау	
6.1. Педкеңестер	165
6.2. Директор жанындағы жиналыс	166
6.3. Әдістемелік кеңестер	169
6.4. Өндірістік жиналыс	170
7 тарау . Материалдық базаны нығайту және қаражаттандыру	174
6.5. Мектепшілік бақылау және басқару	175-210

**«Ақсу қаласының Ы.Алтынсарин атындағы қазақ орта мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
паспорты**

1.Мектеп туралы ақпараттық мәлімет



Мектеп директоры	Егис Индира Егисқызы
Білім мекемесінің құрылған жылы	27 қыркүйек 1974 жылы №19/280 бұйрық негізінде ашылды.
Мекен жайы	Ақсу қаласы, Б.Момышұлы, 5
Мекеменің жалпы ауданы	6886,8 кв.м,төрт қабат,типтік
Мектеп қуаты	1320 орын
Мектептің бос қуаты	-
Контингенті	Оқушы саны- 1266 Мектепалды даярлық топ-46 1-4 сыныптарда - 547 5-9 сыныптарда -616 10-11 сыныптарында -82
Оқытылу тілі	Қазақ тілінде 1-11 сыныптар. 53 класс-комплект.
Ауысым	Екі ауысымда
Оқу - материалдық база	Оқу кабинеті-38. ЖМБ кабинет-8. ҚҒБ кабинет-7. Лабораториялар-5 Компьютерлық сынып-2 Мультимедиялық кабинет-1

	<p>Спортзал-1 Мәжіліс залы 200 орындық Асхана - 150 орындық Кітапхана, кітап сақтау қоймасы мен оқу залы- 108 м.² Кітаптар қоры-40992; жаңа оқулықтар саны -14335 Медициналық кабинет-1 Процедуралық кабинет-1 Стоматология кабинеті -1 Психолог кабинеті -1 Әлеуметтік педагог кабинеті -0 Методикалық кабинет-1 Интерактивті тақта -9 Жаңа модификациядағы физика кабинеті - 1, алынған жылы – 2008ж, Жаңа модификациядағы биология кабинеті-1, алынған жылы-2010ж Жаңа модификациядағы химия кабинеті-1, алынған жылы-2014ж. Робототехника кабинеті -1</p>
Кадрлар құрамы	<p>Барлық педагогтар саны- 104 Біліктілігі: «педагог-шебер» -1 «педагог- зерттеуші»- 22 «педагог-сарапшы»- 25 «педагог-модератор»-25</p>
Оқушылардың тамақтануы	<p>Оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуы 100%, 1-4 сыныптарда – 511, оның ішінде тегін ыстық тамақпен қамтылуы –128 оқушы</p>
Мектептің қаржылануы	<p>2018 - 142 768,0 тенге 2019 - 193 765,0 тенге 2020-411803,0 тенге 2021-56 млн. 214 мың .тенге 2022-308млн.906 мын.тенге, 2023- 5 млн. 2024ж.- 27млн. 934 мың.</p>
Негізгі құралдармен жабдықталуы	<p>2017 жылы - Робототехника –2 млн. 415, 952 мың Мультимедиалық қондырғылар – 5 дана - 1млн. 961,752 мың 2018 жыл – 1 322 160 мың тенге 2020- 6015,8 тенге кабинет биологии новой модификации 2021- 5 млн.447 мың. тенге 2022-21млн.951мын.тенге (6 кабинет), 2023-1 млн. 300мын тенге 2024ж.- 27млн. 934 мың.</p>
Негізгі және ағымдағы жөндеу	<p>2019 оқу жыл - ағымдағы жөндеу 35662,0 млн.теңге (төбені жөндеу) 2020 год - ағымдағы жөндеу 450 тыс.тенге 2021-800 мын. тенге 2022-4млн.135мын.тенге, 2023- 5 млн. 2024ж.-23млн. 652 мың.</p>

<p>Оқыту үрдісінің нәтижесі</p>	<p>2020 жылы ҰБТ-ның орташа ұпайы -76,7 Мемлекеттік грантқа 31 түлектің ішінен 19(64,5%) түлек ие болды. 2021 жылы Мемлекеттік грантқа 37 түлектің ішінен 16(43,2%) түлек ие болды. 2022 жылы- Мемлекеттік грантқа 19 түлек ие болды. 2023ж.-21 түлек Мемлекеттік грантқа ие болды. 2024ж.- ҰБТ-ның орташа ұпайы -80,6</p> <p style="text-align: center;"><u>2023-2024 оқу жыл</u></p> <p style="text-align: center;">Халықаралық «INFORMATIX- 2023 ASIA» ғылыми жобалар сайысы</p> <p>2023 жылдың 16-18 желтоқсанында Астана қаласында INFORMATIX- 2023 ASIA" халықаралық ғылыми жобалар сайысы өтті. Осы сайысқа 500 астам оқушылар қатысты. Мектебіміздің Сагинбек Аружан, Акбердиев Кобей, Абдраимов Данияр, Бавархан Рабиға, Курманғалиева Анель қатысты. Конкурс нәтижесі бойынша Курманғалиева Анель мен Бавархан Рабиға 3-орынды иеленіп, Алматы қаласындағы АУЭС университетінің грантын ұтып алды. Жетекшісі мектебіміздің биология пәнінің мұғалімі Авчукир Аманхан.</p> <p style="text-align: center;">Зерде ғылыми жоба конкурсының облыстық кезеңі</p> <p>2023 жылғы 2 қараша күні 2-7 сынып оқушылары арасында «Зерде» республикалық зерттеу жобалары конкурсының облыстық кезеңі өткізілді.</p> <p>Облыстық кезеңге зерттеу жұмыстарымен айналысатын 374 жоба (475 қатысушы) авторлары өз жұмыстарын ұсынды. Осы конкурсқа қатысқан 8 жобаның 6-уы жүлделі орындар иеленді.</p> <p style="text-align: center;">Облыстық олимпиадалардың жүлдегерлері</p> <p>География пәнінен Ұлттық олимпиада – Төкен Жансая 3-орын.</p> <p>9-11 ынып оқушыларының облыстық пәндік олимпиадасында - Сейдраманов Бекасыл құқық пәнінен 3-орын, Абишева Наргиз ағылшын тілі пәнінен 3-орын.</p> <p>2-4 сынып оқушыларына арналған XI облыстық математикалық турнирі 4-сынып оқушысы Ұланұлы Мансур 3-орын.</p> <p>5-6 сынып оқушыларына арналған пән олимпиада 5-сынып оқушысы Ахмедиева Аружан 2-орын.</p> <p>«Жарқын болашақ» қазақ тілі олимпиадасы 8-сынып оқушысы Смағұл Ансар 2-орын.</p> <p>2024 жылдың 29 ақпанында 2-4 сынып оқушыларына арналған XI облыстық математикалық турнирі өткізілді. Осы турнирге қатысқан мектебіміздің 4-сынып оқушысы Ұланұлы Мансур мектебіміздің намысын қорғап 3-орынды иеленді. Жетекшісі бастауыш сынып мұғалімі Нажмиденова А.Е.</p>
--	---

	<p align="center">«Robotek Grand Tournament» Республикалық чемпионатының облыстық кезеңі</p> <p>«Robotek Grand Tournament» Республикалық чемпионатының облыстық кезеңінде 6-сынып оқушылары Оспанов Аят пен Нурпейсов Ильяс қатысып жүлделі 3-орынды иеленді. Жетекшісі информатика пәнінің мұғалімі Жағапаров Ержан Молдахметович.</p>
--	--

**Мектеп директоры
Егис Индира Егисқызы**



Ұялы. телефон: 87711989957

E-mail: Indrupan@mail.ru

Туған жері:	Павлодар облысы, Май ауданы, Қаратерек ауылы.
Туған күні, айы, жылы:	08.02.1977 ж.
Ұлты:	қазақ
Отбасы жағдайы:	1 бала тәрбиелейді
Білімі, мамандығы:	1994-1998 жылдары Шәкәрім атындағы «Семей» мемлекеттік университеті Факультеті: тарих және құқық Мамандығы: тарих және құқық пәнінің мұғалімі
Біліктілік санаты	Педагог-сарапшы, 2020ж. оқу ісінің меңгерушісі ретінде – «бірінші біліктілік санатты басшының орынбасары», 2021ж.
Қосымша білім	Қазақстан Республикасы педагог кадрларының біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламалары аясында бірінші (ілгері) деңгей бағдарламасы бойынша мұғалімдерді оқыту курсы, 18.05.2015, №0007462; «Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайындағы теория және практика», ҚР білім және ғылым министрлігі, ИнЕУ Біліктілікті жетілдіру институты, 10.02.2020,

	№086617; Гуманитарлық білім беру жүйесіндегі инновациялық педагогикалық технологиялар, ПМБАИ, 17.02.2008, №0040641
Жалпы педагогикалық еңбек өтілі	23 жыл
Мемлекеттік және азаматтық қызмет лауазымында, басшылық лауазымында жалпы еңбек өтілі	20 жыл
Тәжірибесі:	1999-2010 жылдар Ақсу қаласындағы Қ.Шүлембаев атындағы орта мектебінде тарих және құқық пәнінің мұғалімі, 2004 жылдан бастап директордың оқу жөніндегі орынбасары; 2010 жылдан бастап Ақсу қаласындағы №1 қазақ орта мектебінде тарих және құқық пәнінің мұғалімі, директордың оқу жөніндегі орынбасары 2023 жылдан 03 шілдеден бастап мектеп директоры болып тағайындалды
Жетістіктері және марапаттаулары	Пән мұғалімі ретінде жетістіктер: 2014 жылы Қазақстан тарихы пәнінен оқушыларды «Дарын» республикалық сырттай оқу мектебіне балалар ынтасын арттырып, белсене ұйымдастырғаны үшін грамота; 2015 жылы Педагогикалық шеберлік орталығының алғыс хаты; 2017 жылы «Білімді ел» Республикалық журналының алғыс хат; 2017 жылы Ү Республикалық тәуелсіз қоғамдық «Үздік ұстаз» байқауының жеңімпазы, төсбелгі; 2018 жылы Павлодар облысының «Өрлеу» ПБАИ «Тарих қойнауы» бағдарламасына рецензия; 2018 жылы «Қазақстан тарихы» республикалық олимпиадасына оқушыларды дайындағаны үшін алғыс хат; 2019 жылы Павлодар қаласындағы педагогикалық шеберлік орталығы және «Өрлеу» кадрлардың біліктілігін арттыру институтымен бірлескен тәжірибе алмасу семинарында тәжірибе бөлісу, сертификат; 2020 жылы «Білімдегі жаңалықтар» Республикалық ақпаратты-әдістемелік журналдың №1, 2019 (65) ПМБАИ әдіскері Құдайбергелұлы Б бірлесіп жазылған мақала жарық көруі; 2020 жылы «Халықаралық ғылым академиясының педагогикалық ғылыми жетілдіру» қоғамдық қорының алғыс хаты; Оқу ісінің меңгерушісі ретінде жетістіктері: 2018 жылғы ҰБТ-ның орташа ұпайы -95,76, нәтижесінде 2018 жыл ішінде білім беру саласында ең жоғары нәтиже көрсеткені үшін қала әкімі Н.В.Дычко Құрмет грамотасы; 2019 жылғы ҰБТ-ның орташа ұпайы -87,3, алғыс хат; 2020 жылы ҰБТ-ның орташа ұпайы -76,7 бал, қорытындысында мемлекеттік грантқа 31 түлектің ішінен 19 (64,5%) түлек ие болды. Мектептің «Алтын белгі» үміткерлері жылды өз білімдерін дәлелдеп, жоғары оқу орындарында грант иеленді. Оқушылардың жетістіктері: 2015 жылы Қазақстан тарихынан облыстық пән олимпиадасынан

	<p>9 сынып оқушысы Пшембаева Сания I орын; 2015 жылы Қазақстан тарихынан Республикалық пән олимпиадасына қатысушы, сертификат; 2016 жылы Қазақстан тарихы пәнінен оқушыларды «Дарын» республикалық сырттай оқу мектебінде Пшембаева Сания, Елюбаева Мадина жүлделі I,II орындар; 2018 жылы Республикалық «Көк тудың желбірегені» сайысының Райымбек Адема, Пшембаева сания III орын жүлдегерлері; 2019 жылы Республикалық «Елбасы – Ел тірегі» сайысынан 6 сынып оқушысы Калиева Тоғжан I орын; 2020 жылы I Республикалық «Жас тарихшы» олимпиадасының жүлдегері Дюсекина Лина, II орын; 2021 жылы Қазақстан тарихы пәнінен 11 сынып оқушысы Аршабаева Рабига Облыстық пән олимпиадасының жүлдегері, III орын; 2021 жылы сәуір айында 11 сынып оқушысы Аршабаева Рабиға және 10 сынып оқушысы Муканова Аяулымның «Елбасы меделі» медалінің иегерлері;</p>
Компьютерлік сауаттылығы	MSWord, Excell, e-mail, Internet
Жеке қасиеттері:	рухани-шығармашылық тұрғыдан дамыған, кәсіптік біліктілігімен, педагогикалық дарындылығымен және жаңалыққа ұмтылысымен танылатын, ұйымдастырушылық қабілетке ие тұлға

2023-2024 оқу жылындағы жартыжылдық оқу – тәрбие үрдісінің сараптамалық талдауы

1 тарау. Жалпы орта білім беру. Нормативтік құжаттардың орындалуы

2023-2024 оқу жылында мектеп Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беру мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес тұлғаны жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу мен оқытуды қамтамасыз етілді.

2023-2024 оқу жылында білім беруді ұйымдастыруда келесі міндеттерге назар аударылды:

білім алушылардың білімін толықтыру;

оқу жүктемесі төмендетілген ҮОЖ-ын жүзеге асыру;

қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасымен қамтамасыз ету;

цифрлық инфрақұрылыммен және ресурстармен жабдықтау.

Мектептің алға қойылған стратегиялық міндеті – білім алушының тұлғалық үйлесімді қалыптасуы, функционалды сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігінің дамуы үшін қолайлы, жалпыадамзаттық, ұлттық құндылықтарға негізделген білім беру ортасын құру.

1.1. Тегін жалпы орта білім беру мен балалардың мектепке баруын ұйымдастыруды қамтамасыз ету

2023-2024 оқу жылың 1266 оқушы аяқтады.

2022-2023 оқу жылында мектепте барлығы 53 комплект сынып ұйымдастырылды.

2023-2024 оқу жылының ерекшеліктерінің бірі – А.Байтұрсыновтың әдістемесі негізінде әзірленген «Әліппе» мен «Букварь» пәндерінің қайтарылуы. Бұл идея былтырғы тамыз конференциясында айтылған болатын. Бірінші қыркүйек күні мектеп табалдырығын алғаш аттаған бүлдіршіндерге салтанатты түрде «Әліппе» және «Букварь» оқулықтары табыс етіледі.

Мұғалімнің жүктемесі 18-ден 16 сағатқа азайтылды. Сабақ ұзақтығы 45 минутқа қайтарылды. Білім алушылардың оқу жүктемесі төмендетілді.

Білім беру ұйымының іс –қағаздар жүргізуі - іс номенклатурасы мектеп директорымен бекітіліп, мемлекеттік тілді ұстанады. Мектеп қызметкерлері мен педагогтар құрамының жеке бас құжаттары, оның ішінде еңбек кітапшасы, қызметкерлер мен мұғалімдердің лауазымдық нұсқаулығы, негізгі қызмет бойынша және жеке құрам бойынша бұйрықтар бар. Мұғалімдердің еңбек тәртібі, моральдық мадақтау және тәртіптік жауапкершілік мәселелері мектеп әкімшілігі мен кәсіподақ басқармасының бақылауында болады.

Еңбек кітапшаларына марапаттаулар мен мадақтаулар туралы мәліметтер уақытында толтырылып отырады.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сай Ұжымдық келісім шарт жасалған және келісімшартқа сәйкес қызметкерлердің құқықтары қорғалған. Қызметкерлермен жасалған келісімшартты тіркеу кітабы жүргізіледі.

Педагогикалық кеңес отырысының хаттамасы, әкімшілік кеңес, аттестаттау комиссиясы, жас маман мектебі, әдістемелік кеңес, директор жанындағы кеңес, даму бағдарламасының жұмыс жоспарларына сәйкес сараптамалық талдаулар жасалынып отырады. Алфавиттік кітап, оқушылар қозғалысы бойынша бұйрықтар кітабы, келген, кеткені жөніндегі талондар, оқушылардың жеке іс қағаздары, оқу үлгерім табелдері, сонымен қатар негізгі орта мектепті бітіргені жайлы куәліктің берілуі және есеп кітабы, жалпы орта мектеп курсы бітіргені туралы аттестаттың берілуі және есеп кітабы «Білім беру қызметінде білім беру ұйымдары пайдаланатын қатаң есептегі құжаттардың нысандарын бекіту туралы» бұйрықтар талаптарына сәйкес жүргізіліледі.

1-11 сынып оқушыларының жеке іс қағаздарын сынып жетекшілері талапқа сай жүргізіп отырған, мектеп әкімшілігі бұл құжаттарды оқу жылында екі рет тексереді. Жеке іс қағаздарының титулдық беті мемлекеттік тілде рәсімделген. 9 және 11 сынып түлектерінің жұмысқа орналасуы мәселелері бойынша мектеп әкімшілігі мен сынып жетекшілері үнемі бақылауға алып отырады.

Жұмысқа орналасу мен оқуға түсу мәліметтердің көрсеткіштерінде байқалғандай, соңғы үш жылда бітіруші түлектер техника саласындағы мамандықты таңдайды.

2023-2024 оқу жылында мектептердің дайындығына (кадрлық, ресурстық және т.б.) байланысты вариативтік компонент сағаттарының есебінен «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы таңдалды. Курс білім алушылардың 21 ғасыр дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі.

«Жаһандық құзыреттіліктер» (аптасына 1 сағат) курсына:

- 5-сыныпта «Парасаттылық және әдеп»;
- 6-сыныпта «Экология»;
- 7-сыныпта «Эмоционалды интеллект және сыни ойлау»;
- 8-сыныпта «Медиасауаттылық»;
- 9-сыныпта «Зайырлылық және дінтану негіздері»;
- 10-11-сыныптарда «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» жатады.

Қазіргі қолданыстағы «Зайырлылық және дінтану негіздері», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәндерінің оқу бағдарламаларымен оқытуды жалғастырылды.

Білім беру ұйымдары оқу материалдары мен ресурстар дайын болған жағдайда «Экология», «Медиасауаттылық», «Парасаттылық және әдеп», «Эмоционалды интеллект және сыни ойлау» курстары енгізілді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 18 маусымдағы №393 бұйрығына сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілген ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген 10-11 сыныптарға арналған жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттарының оқу бағдарламаларына негізделді. 10-11 сыныптарда бейіндік оқыту жалғастырды.

№	сыныптар	Бағыты
1	10 «а»	Жаратылыстану-математикалық
2	10 «ә»	Жаратылыстану-математикалық
3	11 «а»	Жаратылыстану-математикалық
4	11 «ә»	Жаратылыстану-математикалық

Бағыттарды таңдауда оқушылардың қажеттілігі мен ата-аналардың сұраныстарын ескере отырып, оқушылардың танымдық қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында кәсіби бағдарланған тәсілді жүзеге асыру аясында бейіндік пәндерді тереңдетіп оқыту енгізілді. Бейіндік бағыттарға байланысты факультативтер мен үйірмелер сағаттары бөлінді.

10-11 сыныптарда «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пән енгізілді.

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәнінің мақсаты – кәсіпкерлік, бизнес пен экономиканың негіздері бойынша оқушыларға базалық білімдер беру; өз

таңдауы үшін жауапкершілікке үйрету, кәсіпкерлік ойлау жүйесі мен белсенді өмірлік ұстанымдарын қалыптасыру; қазіргі заманғы нарықтық жағдайда болашақтағы өзбетіндік әрекетіне қажетті дағдылардың практикалық базасын қалыптастыру болып табылады.

1.2. Білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыру ұйымдастыру

ҚР-ның «Білім туралы» заңының 2018 жылғы 31 қазанындағы №598 бұйрығымен 28 тамыз 2019 жылғы мектептің алқалы органы №1 педагогикалық кеңесінің шешіміне сәйкес тамақтануға тізім құрылды.

Мектебімізде аз қамтылған, көп балалы, жетім, ата –анасының қамқорлығынсыз қалған, оралман және тубвиражды отбасы балаларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету мақсатында оқу жылында 141 оқушы тіркеліп, барлығы 141 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілді.

Ай сайын аз қамтылған, жетім, ата – анасының қамқорлығынсыз қалған және көп балалы аз қамқылған отбасы, тубвираж және оралман балаларына ыстық тамаққа бөлінген қаражат есебі қалалық білім бөліміне есебі сәйкестендіріліп жіберіліп отырды.

2023-2024 оқу жылы басында білім алушыларға ақылы және тегін негізде тамақтандыруды ұйымдастыру үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру қағидалары» және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы «31» қазандағы № 598 бұйрығын «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын негізге ала отырып конкурс өткізілді. Конкурстың нәтижесі бойынша жабдықтаушы «Койшибекова» жеңімпаз атанып, сапалы және қауіпсіз тамақтандыруды ұйымдастырды.

Жыл бойына әр категория бойынша оқушылар құжаттары жинастырылып, тізімге сай бекітілді және тамақтану қызметін қатаң қадағалау мақсатында бракераж комиссиясы бекітілді. Мектептің медицина қызметкері, объект әкімшілігінің өкілі және ата – ана комитетінің өкілін енгізе отырып, бракераж комиссиясының құрамы құрылды. Комиссия құрамы тоқсанына бір рет ыстық тамақ мәселесін анықтап, қорытынды шығарып отырды.

Ай сайын аз қамтылған, жетім, ата – анасының қамқорлығынсыз қалған және көп балалы аз қамқылған отбасы, тубвираж және оралман балаларына ыстық тамаққа бөлінген қаражат есебі қалалық білім бөліміне есебі сәйкестендіріліп жіберіліп отырды.

Комиссия құрамы тоқсанына бір рет ыстық тамақ мәселесін анықтап, қорытынды шығарып отырды. Тамақтандыруды ұйымдастырудың міндеттері: - білім алушыларды тиімді тамақтандырумен қамтамасыз ету;

-тағам әзірлеуде пайдаланатын тамақ өнімдерінің сапасына және қауіпсіздігіне кепілдік беру;

- білім алушылар арасында тамақтан уланудың алдын алуға және профилактикасына бағытталған санитариялық қағидаларының талаптарын сақтау болып табылады.

Білім алушыларды тамақтандыру тәртібі бекітіліп және тамақтандыруға жауапты, сынып жетекшілердің, педагогтердің оқушыларды асхана бөлмесіне алып жүруін қамтамасыз етеді. Білім алушыларды тамақтандыру Қалалық білім бөлімінің төрт мезгілдік ас мәзірі бекітілген ас мәзіріне сәйкес мектеп асханасында жүзеге асырылады.

Есеп беру мерзімінде әлеуметтік қорғалмаған отбасы балаларына және жетім, ата – асасының қамқорлығынсыз қалған балаларға жылына екі рет қаңтар, қыркүйек айларында жылжымайтын мүліктерінің сақталуын бақылау жұмысы атқарылады; балалардың тұрмыс жағдайын бақылау актісі түзіледі; әлеуметтік қорғалмаған отбасы балаларының тізімі жасалып, жалпыға бірдей міндетті білім беру қорынан материалдық көмек беріліп, бір мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етіледі, оқушылардың құжаттары рәсімделеді;

Аз қамтылған, көп балалы аз қамтылған, тубвираж, оралман, мүгедек, жетім және асыраушысыз қалған оқушылар бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталатын болсақ:

Мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті білім беру қорынан күнкөрісі төмен отбасыларынан шыққан аса мұқтаж 1-11 сынып оқушыларын анықтау әлеуметтік қорғау мақсатында құрылған. Әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күн көрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты жұмсау жоспарына сай ұйымдастырылды. Осы мақсаттарға бөлінетін қаржыны мақсатты жұмсау білім мекемесінің бірінші басшысының бақылауы арқылы қамтамасыз етіледі. Мектеп ішіндегі бұйрықпен бекітілген жауапты тұлға ата-аналардың немесе олардың орнындағы тұлғалардың өтініштері негізінде қаржылық және материалдық көмек көрсетуге мұқтаж балалардың тізімі жасалады, сондай-ақ көмек көрсету түрлері атап көрсетіледі.

«Оқушыларға қауіпсіз ыстық тамақты ұйымдастыру» бойынша жазғы сауықтыру лагерінде оқушылардың тамақтану қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы педкеңесте қаралып, әлеуметтік қорғалмаған отбасы балалары ескеріліп, жан - жақты демалуға бағытталды. Білім алушыларды қауіпсіз тамақтандыруды ұйымдастыру туралы нормативтік құжаттамалар сынып жетекшілерге таныстырылды. Жазғы сауықтыру лагерінде қауіпсіз тамақтандыру ұйымдастырылып, әлеуметтік қорғалмаған категориядағы оқушылар, яғни бастауышта үш ауысымда жазғы сауықтыру лагері жұмыс жасады.

Мектеп әкімшілігі жаппай білім беру қорынан бөлінген қаражат бойынша қамқорлық қорғаншылық кеңесі арқылы бақылау жұмыстарын уақытында жүргізіліп, әр түрлі статус бойынша оқу құралдары, керекті киім-

кешектері өз мәнінде үлестіріліп берілді. Осы аталған іс-шаралардың барлығы мектеп тарапынан толықтай орындалды.

1.3. Әлеуметтік қорғалмаған топ оқушыларына ыстық тамақты ұйымдастыру

Жоспарға сәйкес бір жылда тоғыз рет бракераж комиссиясының мүшелері асханадағы санитарлық-гигиенелық талаптарды тексереді.

Мақсаты 1. Оқушыларға әлеуметтік көмек ұйымдастыру, тек көмек күтуші емес проблеманы шешу үшін өздігінен жол табуына көмектесу, рухани жан дүниесін танып білу, қатарға қосу жұмыстарын ұйымдастыру.

2. Сәтсіз отбасы және аз қамтылған отбасы, жетім, ата-ана қамқорлығынсыз қалған оқушылар, қиындық туғызатын оқушыларды анықтау, оларға әлеуметтік тұрғыда көмек көрсету, бала құқығын қорғау.

2023-2024 оқу жылы тамыз айында мектеп әкімшілігімен бірлесіп, әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс жоспарын құрылды.

Мектептің 2023-2024 оқу жылындағы Әлеуметтік педагогтың қызмет жұмысы ҚР-дағы тәрбие мәселесі, бейімделу, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ҚР-ның нормативтік құқықтың актілері негізінде және мектептің тәрбие жұмыс жоспары, Павлодар қаласы білім басқармасы мен Ақсу қаласы білім бөлімінің және мектеп әкімшілігінің бұйрықтары негізінде құрылды.

Әлеуметтік педагог жұмысының нормативтік құқықтық негізін мыналар құрайды: ҚР Құқық туралы конвенция, ҚР «Білім туралы заңы» ҚР «Бала құқығын қорғау туралы», ҚР «Неке және отбасы туралы» заңы, ҚР «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және балалардың қараусыз, қадағалаусыз қалуы туралы ескерту» заңы ҚР «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» ҚР кодексі.

Әлеуметтік педагог жылдық жұмыс жоспарын медбикемен, сынып жетекшілермен, педагог-психологпен, тәрбие ісі жөніндегі орынбасармен, КТБЖ қызметкерлерімен бірлесе іске асырды.

Комиссия құрамына: Төрайым И.Е.Егис, тәрбие ісінің меңгерушісі: Камзина С.Ж., әлеуметтік педагог: Яхияқызы Ұ. медбибі: Қазыбаева С.Б.; ата-аналар комитетінің төрайымы Тукаева А.А., ата-аналар комитетінің мүшесі Бозжигитова Д.Е., Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Омарханова Ж.А. енді.

Құрылған комиссияның негізгі міндеті: оқушыларға сапалы, құнарлы және витаминді тамақтардың сапасын, құрамын және бағалық өлшемін бақылау, оқушылардың тамақтану режимін қадағалау.

Тексеріс, оқушылар тамақтанатын уақыттарда, яғни қоңырау кезінде тексеріледі. Тексеріс қорытындысы бойынша, оқушыларға дайындалған тамақтар талапқа сай, ас мәзіріне сәйкес, салмақтары талапқа сай екендігі анықталды. Ал, ас мәзірі 4 мезгілдік СЭС бастығы мен күнделікті мектеп директорымен бекітіліп отырады және медбибісі тамақтың сақталу мерзімін тексереді.

Мектеп бойынша 1266 оқушының ішінен 1-4 сыныптан 547 оқушы, орта және жоғары сыныптарда 719 оқушы. Барлығы 1266 оқушы ыстық тамақпен тамақтанып 100% құрады. 1-4 бастауыш сыныптары 100 пайыздық көрсеткішпен тамақтанса, ал мектептегі әлеуметтік қорғалмаған отбасы балаларының 119-і ЖББ қорынан ал 15 оқушы арендатор тарапынан тамақтанады, яғни 52 –АӘК алатын, 60-көп балалы аз қамтылған отбасынан, 2-жетім, 5-ата-ананың қамқорлығысыз қалған, 2-уі оралман оқушылар тегін тамақтанады.

Мектепте мектеп әкімшілігі оқушыларға ыстық тамақты ұйымдастырып, асхананы жалдаушы мектептегі сапалы және қауіпсіз ыстық тамақтануды қамтамасыз етеді. 2024 жылдың 1 қыркүйегінен бастап оқушылардың тамақтану кестесі құрылды, асханада кезекшілік орнатылып, сыныптардағы оқушылардың тамақтануын есепке алып отырып жауапты адамдар тағайындалды.

Мектебімізде аз қамтылған, көп балалы, жетім, ата –анасының қамқорлығынсыз қалған, оралман және тубвиражды отбасы балаларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету мақсатында оқу жылында 141 оқушы тіркеліп, барлығы 141 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілді.

Жыл бойы күнделікті келіп отырған ата-аналарды қабылдап, журналға белгілеп сұрақтарына жауап беріп, құжаттарын қабылдап алдық. Төтенше жағдай кезінде ата-аналармен тығыз байланыста болдық.

Дамуында, тәртібінде, оқу үлгерімінде қиындығы бар балаларға әлеуметтік педагогикалық қолдау және отбасына көмек көрсетуді ұйымдастыру мақсатында келесі негізгі бағыттар бойынша әлеуметтік педагогикалық жұмыс жоспары құрылды.

Анықталған проблема: Осы аталған категориядағы оқушылардың жеке іс-қағаздары бойынша атқарылған жұмыстар, құжаттарын жинақтау барысында көптеген кедергілер, қиындықтар кездесті.

Себебі, сынып жетекшілердің құжаттар жинау барысында сыныптағы оқушылардың отбасындағы тұрмыстық жағдайларын толық зерттемеуі және ақпаратты дереу толық жеткізбеуі;

- ата-ананың құжаттар жинауда немқұрайды қарауы және толық уақытында жеткізбеуі;

Шешу жолдары:

- Жаңа оқу жылының басында әр оқушының тұрмыстық жағдайларын толық зерттеу;

- Ата-ана мен мектеп арасында байланысты күшейту, ақпаратты дер кезінде беріп, уақытында тапсыруды талап ету үшін тығыз байланыс орнату.

1.4. Мектепте техника қауіпсіздігін қалыптастыру

Оқушылардың денсаулығын қорғауда маңызды рөлді ОТҮ ұйымдастыруда қауіпсіздік техникасы атқарады. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықтың әлеуметтік қорғанысы министрінің 2007 жылғы 22 тамыздағы «Ұйымда қауіпсіздік қызметі мен еңбекті қорғау бір үлгі ережесін бекіту

туралы» №200-п бұйрығына сәйкес мектепте оқу кабинеттерінде жұмысты ұйымдастыруға рұқсат актілері бекітілген, арнайы сыныптар үшін ҚТ бойынша нұсқаулықтар құрастырылып, жүйелі түрде кіріспе және ағымды нұсқаулықтар ұйымдастырылуда. Осыған қарамастан, есеп беру кезеңінде мектепте түрлі дәрежелі жарақат алған жағдайлар жоқ.

Қазақстан Республикасының «Табиғи және техногенді мінездегі төтенше жағдайлар туралы» Заңына (ҚР 1998ж.9.12.-дегі №307-1, 1999ж.12.03.-тегі №347-1, 2000ж.19.05.-тегі №51-ІІ, 2003ж.2.07.-дегі №454-ІІ, 2004ж.15.06.-дағы №563-ІІ, 2004ж. 20.12.-дегі №13-ІІІ бұйрықтарымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) сәйкес өрт қауіпсіздігі іс-шараларына басты назар аударылды. Оқушылармен және педагогикалық ұжыммен ағымды оқулар өткізілді, мектеп ғимаратының өрт қауіпсіздігін жақсарту бойынша жұмыс жасалынды.

Мектептегі барлық санаттағы оқушыларды оқыту үшін қолайлы жағдайлар жасау бұйрығы негізінде, мектепке келмейтін оқушыларды табу мақсатында қала ішіндегі базарлар, супермаркеттер, автобус бекеттері, подвалдар, қиын отбасылар мен шағын аудандарға рейдтік кезекшіліктер қойылды. Рейдтік кезекшілікті атқару барысында, мектепке себепсіз келмейтін оқушылар анықталған жоқ.

Ішкі істер бөлімі қызметкерімен, яғни мектеп инспекторымен бірлесе отырып, қиын оқушылар мен қиын отбасылардың үйлеріне рейдтер жасалынды.

Қорытынды: «Білім туралы» Заңын, Павлодар облысының ББ мен Ақсу қаласының ББ сәйкес құжаттарын басшылыққа ала отырып, мектептің педагогикалық ұжымы тегін орта білім алу және оқушылардың мектепке толығымен келуін қамтамасыз ету бойынша жұмыс атқарды:

- оқушылардың келуі және кетуін есепке бойынша құжаттар тиісті жағдайда;
- мектеп асханасының базасында қауіпсіз ыстық тамақтану ұйымдастырылды;
- жоспарға сәйкес дәрігерлік бақылау ұйымдастырылды;
- жаппай оқу қорының құралдары орынды пайдаланады;
- балалардың өмірі мен денсаулығын сақтауда басты рөл атқарған ОТҮ өрт қауіпсіздігі мен балалық жол - көліктік жарақаттың алдын алу бойынша шаралар ұйымдастырылып, өткізілді.

Осыған қарамастан мәселелер де туындады:

- оқушылардың ыстық тамақпен аз тамақтануы: негізінде балалар буфет өнімімен тамақтанады;
- арнайы дәрігерлік топтың жұмысын ұйымдастыруда: спорттық залдың бос болмауынан, яғни сынып санының жылдан жылға өсу арқасында олардың қызметіне қажетті жағдай жасауға мүмкіндіктің аздығы.

1.5. Оқыту бағдарламасын орындалуы

Мектептің қатаң есептегі құжаттар тізбесін жүргізу талаптары толығымен орындалды. 1-11 сыныптар аралығындағы барлық пәндер бойынша

мемлекеттік стандарт бағдарламасы, бақылау, жазба жұмыстарының және сарамандық жұмыстардың нормасы толығымен орындалды. МББС игерілді, бағдарламадан қалу жоқ. Жылына 2 рет оқушылардың күнделіктері мен дәптерлері жүйелі тексерілді. Әр саты бойынша бекітілген ОІМ көмегімен оқушылардың жеке іс қағаздары реттелді. Бұл сұрақтар ДЖЖ немесе ОІМ жанында қарастырылып, қорытындысы шығарылып отырады.

«Kundelik.kz» электронды журналын жүргізілуі

Мақсаты: электронды «kundelik.kz» журналын жүргізілу сапасы, оқушылардың қорытынды баллдарының талапқа сай қойылуы, бағдарламаның орындалуы.

2023-2024 оқу жылына арналған электронды «kundelik.kz» журналын тексеру мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес жүргізілді. «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР БҒМ-нің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы басшылыққа алынды.

1-11 сыныптардың журналы тексерілді. Сынып журналы мектептің әрбір мұғалімі және сынып жетекшісі үшін жүргізуге міндетті мемлекеттік құжат болып табылады.

Барлық балдар, бағалардың есебі электрондық журналда автоматты түрде жүзеге асырылады. Білім алушылардың бөлім/ортақ тақырыптар бойынша және тоқсандық жиынтық бағалау нәтижелерін қою электрондық журналда жүзеге асырылды.

2023-2024 оқу жылында 98- мұғалім, 1266 - оқушы, 843 ата-аналар «Kundelik.kz» электронды журнал жүйесіне тіркелді. 53 сынып және қосымша 5 үйде оқитын оқушыға жеке кесте құрылды. Әр сыныпқа 1 – ші ауысым және 2-ші ауысым бойынша мектептің қоңырау кестелері енгізілді. Әр сыныпқа есептік кезеңдер құрылды. Есептік кезеңдер бойынша әр сыныпқа әр тоқсан бойынша сабақ кестелері енгізілді.

Пән мұғалімдері өз пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауды енгізді. Оқушылардың электрондық күнделіктерін ата-аналар және оқушылар өз пайдаланушының аты және құпия сөз арқылы көруге болады. Сынып журналдарында қойылған бағалар негізінде үлгерім бойынша есептілік автоматты түрде қалыптасады. Электрондық оқыту жүйесін қолдану кезінде білім беру үдерісінің белсенді қатысушысы ата-аналардың болуы өте маңызды. Ата-аналар күнделікті өз балаларының үлгерімі мен сабаққа қатысуы туралы сенімді ақпараттарды ала алады, мектеп әкімшілігімен және педагогикалық құраммен байланыста бола алады; білім беру жүйесіндегі жаңалықтар туралы біле алады, мектеп өмірі мен өз баласының өміріне көбірек белсенді қатыса алады, сұрақтар қоя алады, өз баласының тәрбиесі мен біліміне қатысты ұсыныстар жасап, педагогтардан кеңес алды.

Мектеп бойынша 2023-2024 оқу жылындағы 01.09.2023-25.05.2024 уақыт аралығындағы көрсеткіш:

Ү/Т бар сабақтардың %	ҮТ уақытылы толтыру %	Тақырыптарды толтыру %	Жоспарлауды жүргізу %	Бағалар қойылған журналдар саны	Журналды жүргізу %	Журналды уақытылы жүргізілуі %
100	93	100	100	977	100	97.28

Электронды журналдың толтырылуына кедергі келтірген тұжырымдар:

- кейбір пән мұғалімдерінің Kundelik.kz электронды оқыту журналын уақытылы толтырмауы ;
- кейбір мұғалімдер тарапынан Kundelik.kz электронды оқыту журналын уақытылы ашылуына және формативті бағалауды күнбе-күн жүргізбеуі үнемі ескертуді талап етеді;

Ұсыныс:

- оқу жылының басында сынып жетекші сыныптағы оқушыларды теңдей екі топқа бөліп, орыс тілі, ағылшын тілі, информатика сабақтарында топтар құрамы бірдей болуын қадағалау;
- мұғалімдер тарапынан Kundelik.kz электронды оқыту журналын күнделікті уақытында толтыруға дағдылау;
- сабақ кестесіндегі сәйкестікті және келген-кеткен оқушылар туралы ақпаратты, уақытында ақпараттық әкімшілікке хабарлау.

1.6. Білім берудегі менеджмент

Мектепті басқару Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының жалпы білім беру туралы Үлгі ережесіне және мектептің Жарғысына сәйкес демократия, ашықтық, жалпы азамат құндылығын дәріптеу, адам өмірі мен денсаулығын құрметтеу, тұлғаның еркін даму принциптеріне негізделі отырып жүргізіледі.

1.7. Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңы мен ҚР Тілдерді қолдану мен дамытудың бағдарламасын жүзеге асыру жағдайы

Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның негізгі талабы білім сапасын арттыру болып табылады. Ал білім сапасын көтеру - оқушының білімін жоғары деңгейге көтеру осы мақсаттарды алға қоя отырып, жаңа технологиялардың қолданылуын, тәжірибе алмасу, тіл мамандарының күнделікті жұмыстары болып табылады. Мектептегі барлық мәдени шаралар мемлекеттік тілде жүргізіледі.

Мектеп құжаттарының жүргізілуі:

1. Мектепшілік жұмыс жоспары.
2. Бұйрық кітабы.

3. Педагогикалық кеңес хаттамасы.
4. Әдістемелік кеңес хаттамасы.
5. Директор жанындағы кеңес хаттамасы.

Тіл мұғалімдерінің миссиясы: Жалпы орта білім берудің басты мақсаты табысты орындау және тұлғаның үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау және де жоғары адамгершілігі мол, дені сау, жан-жақты дамыған тұлғаны дамытып, тәрбиелеу.

2020-2025 жылдарға арналған тілдерді қолдану мен дамытудың «Ана тілі» мектепшілік бағдарламасы жасалған, салт-дәстүрлерді насихаттау, үйірме, факультатив жүйелі өткізіледі. Ұстаздар мен оқушылар бірнеше жылдардан бері қатарынан республика, облыс және аудан көлемінде тіл пәндерінен мәнерлеп оқу сайыстары мен олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындарға ие болып отырады.

2023-2024 оқу жылы бойынша мектеп ұжымының тақырыбы «Функционалдық сауаттылық- білім сапасын жетілдірудің негізгі бағдары» тақырыбында өз жұмысын атқарды. Пән мұғалімдері білім жетілдіру тақырыптарын мектептің және әдістемелік бірлестіктің тақырыбына сәйкес таңдап алды. Жаңартылған білім беру мазмұны бағытындағы оқушылардың білім сапасын арттыру және өз мүмкіндігін дұрыс пайдалана алатын зерделі тұлғаны тәрбиелеу мақсатына сәйкес бірлестіктің әр мүшесі өз жұмыстарын жүргізді.

Ағымдағы оқу жылында әдістемелік бірлестігінің 6 отырысы өтті. Отырыста мұғалімдер нормативтік құжаттармен, соның ішінде мемлекеттік стандарт, әдістемелік нұсқау хат және пән бойынша бағдарламалармен танысты. Әдістемелік бірлестіктің жылдық жоспары талданып, бекітілді. Пән апталығы, пәндік олимпиада материалдарын дайындау, озық іс-тәжірибе мектебімен танысу, ашық сабақтардың жоспары, дарынды оқушылармен жұмыс, педоқулары тақырыбы, аттестация, курстары жайында және басқа да атқарылатын жұмыстар талқыланды. Сонымен қатар, әдістемелік бірлестігінің мұғалімдері мектептегі қабілетті және нашар оқитын оқушыларды анықтап, олармен арнайы жоспар бойынша жұмыс жүргізді. Апталықтың жоспары отырыстарда талқыланып, барлығы уақытылы өткізілді. Кез-келген мәселе бірлесе, ақылдаса шешіліп отырды.

Мектептің тіл пәндерінің оқыту – материалдық базасы:

№	Қазақ тілінде білім беретін мектептердің ҚТӘ кабинеттерінің жалпы саны	Оның ішінде жаңа стандартқа жабдықталған	Орыс тілінде білім беретін мектептердің ҚТӘ кабинеттерінің жалпы саны	Мультимедиялық кабинет	Интерактивті тақта
1	2 (21,23 кабинет)	2 (21,23 кабинет)	2 (43,44 кабинет)	1 (23 кабинет)	1 (21 кабинет)

Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың жалпы ережелері сақталынады. Білім сапасының көрсеткішінде орыс тілі және ағылшын тілі пәндер бойынша мемлекеттік стандарт бағдарламасы, бақылау жұмыстарының нормалары орындалды.

Оқушылардың жазба жұмыстарына арналған дәптерлерінің талапқа сай жүргізілуі пән мұғалімдерінен тексерілді. 2 пәннен де оқушылардың санына байланысты жазба жұмыстарына арналған дәптерлері бар. Эстетикалық жағынан безендендірілуі талапқа сай. Орыс тілі пәнінің мұғалімдері пән бойынша жазба жұмыстарының орындалуына үлкен мән береді. Себебі, оқушылардың дәптерлері уақытында тексеріледі, тақырыптық-күнтізбелік жоспар+Электронды журнал+жазба жұмыстарының дәптерлерінде жазылған тақырыптар мен өткізілген күндер сәйкес келеді.

Жалпы аталған пәндер мұғалімдері оқу жылы бойынша оқушылардың білім сапаларының бағалары объективті түрде қойылған.

Оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруында ақпараттық – коммуникативтік технологияны қолдану.

Оқушылардың шығармашылықпен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру мақсатында мектепте Мегалайн интернет жүйесіне кабинеттер қосылған. Оқушылар түстен кейін сағат 14.00-ден 16.00-ге дейін осы кабинеттерде интернетте жұмыс істейді. Бұл кабинеттердің сабақ кестелері құрылған, сабақ жоқ кездері түске дейін және түстен кейін мұғалімдер де интернетке кіріп, өздеріне қажетті материалдарын алады.

Оқу-тәрбие үрдісінің мазмұнындағы ақпараттық-коммуникативтік технологияны қолдану.

Кітапханаға келген электронды оқулықтарды кітапханашылар есепке алып, пән мұғалімдеріне тапсырады. 2 пәннен 7 электронды оқулық тіркелген. Бұл оқулықтардың 7 ашылады және жұмыс істеуге қолданылады. Электронды оқулықтарды жүйелі қолданатын мұғалімдер: Жунусова Л.А., Уажанова Б.Б., Маданиятова Ж., Смагулова А.С.

Интербелсенді тақтасы бар кабинеттердің сабақ кестесі және онда өткен тіркейтін журналдар құрылды.. Осы кестеге кірмеген мұғалімдер кабинет жетекшілерімен келісіп, осы кабинетке келіп өз сабағын өткізе алады. Әр айдың соңында журналдар жиналып алынады да, бір айда өткен сабақтар есебі жасалады.

Қорытынды: Қазақ, орыс тілі және ағылшын тілі пәндерінің мұғалімдері оқушыларға қойылатын білімділік, дамытушылық және тәрбиелік міндеттерді оқушыларды оқытуда әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы іске асырады. Әсіресе, пән мұғалімдерінің сабақтарында ақпараттық технологияны қолданулары анық байқалды. Орыс тілі және ағылшын тілі пәндері бойынша оқушылардың білім сапалары жеткілікті деңгейді көрсетті, бақылау жұмыстарында мемлекеттік стандарт орындалған.

Ұсыныс:

1. Сабақ өткізу барысында міндетті оқушылармен тапсырмаларды сараланған түрде орындау (ағылшын тілі мұғалімдері);
 2. Мұғалімдердің білімі мен біліктілігін жетілдіруге мән беріп, курс, семинарларға жүйелі түрде қатысу (ағылшын тілі мұғалімдері);
- Күнделікті сабаққа дайындық кезінде қысқа мерзімді жоспарды сыныптағы оқушылардың қабілеттіліктеріне қарай дайындау.

2 тарау. Білім беру үдерісін кадрлармен қамтамасыз ету

Қазіргі заманғы білім беру жүйесі, оқытудың инновациялық нысандары мен әдістерін енгізу педагог қызметкерлердің тұлғасына және кәсіби құзыреттілігіне жоғары талаптар қоюда.

Білім беру сапасы айтарлықтай мөлшерде педагогикалық құрамның сапасымен айқындалады. Өсіп келе жатқан ұрпақты сапалы оқытатын және тәрбиелейтін жоғары білікті педагог білім беру жүйесінде маңызды рөл атқарады.

Мұғалімдердің білім деңгейі

Педагогикалық кадрлардың негізгі мәселесі: мұғалімдердің біліктілік деңгейлерін көтеру және орта арнаулы білімі бар мұғалімдердің санын болдырмау.

Жылдар	Барлық педагогтар	Жоғары білімді	Орта арнаулы кәсіптік білімді
2018-2019	85	79	6
2019-2020	90	82	8
2020-2021	95	89	6
2021-2022	98	87	11
2022-2023	98	88	10
2023-2024	104	91	13

Жоғары білімді, 2018-2019 о.ж. I ж/ж. – 91,1%.

Орта арнаулы кәсіптік білімді 2021-2022 о.ж.-6 мұғалім 6,3%, 2022-2023-11 мұғалім 11,2%, құрайды. 2022-2023-13 мұғалім 12,2%, құрайды.

Жоғары білімді мамандардың көрсеткішін бастауыш сынып және денешынықтыру мұғалімдері төмен көрсетіп отыр. Олар, Бабархан Ерболды, Еженхан Баатарбек.

Мектептегі ер мұғалімдердің үлесі 2018 жылы (85/18) 21%. 2020-2021 о.ж. – 12 мұғалім 14%, 2021-2022, 2022-2023 о.ж. – 14 мұғалім 14,7%.

Магистранттар -12

Штифель Гульмира Бектасовна–2021 жылғы «07» қыркүйектен бастап 2021 жылғы «09» қараша аралығында Павлодар мемлекеттік университетінде 0008066 «Педагогика және психология» мамандығы және білім беру бағдарламасы бойынша педагогикалық бейіні пәндерінің циклын меңгерді. Ғылыми және педагогикалық қызметпен айналасуға құқық береді.

Ирманова Аида Адаевна-2021жылғы «07» қыркүйектен бастап 2021 жылғы «09» қараша аралығында Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде 0008064 «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы және білім

беру бағдарламасы бойынша педагогикалық бейіні пәндерінің циклын меңгерді. Ғылыми және педагогикалық қызметпен айналасуға құқық береді.

Кудайбергенова Айнур Биржановна –2020 жылғы «01» 09 бастап 2020 жылғы «31» 12 аралығында Павлодар мемлекеттік университетінде 7МО 1611 «Тарих» мамандығы және білім беру бағдарламасы бойынша педагогикалық бейіні пәндерінің циклын меңгерді. Ғылыми және педагогикалық қызметпен айналасуға құқық береді.

Худас Рина – С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің мемлекеттік аттестаттау комиссиясының 2021 жылғы 30.06. шешімімен 7М05202 «География» жаратылыстану ғылымдарының магистрі дәрежесі берілді. Бағыты: ғылыми-педагогтік.

Топанова Диляра Бауржановна – С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің мемлекеттік аттестаттау комиссиясының 2021 жылғы 26.06. шешімімен «Педагогика және психология» мамандығы бойынша ғылыми- педагогикалық білім магистрі дәрежесі берілді.

Даутбаева Жанна Балгаевна- Павлодар университетінің аттестаттау комиссиясының 2003 жылғы 17.06. шешімімен 665 «Ағылшын тілі» біліктілігі мен академиялық магистрі дәрежесі берілді.

Сапарғалиев Расул Мырзахметович – Инновациялық Еуразия университетінің мемлекеттік аттестаттау комиссиясының 2022 жылғы 29.06. шешімімен 7МО1101«Педагогика және психология» мамандығы бойынша ғылыми-педагогикалық білім магистрі дәрежесі берілді.

Саруарова Ақгуль Азимовна - Павлодар педагогикалық университетінің мемлекеттік аттестаттау комиссиясының 2022 жылғы 29.06. шешімімен 7 МО1112 «Педагогика және психология» мамандығы бойынша ғылыми-педагогикалық білім магистрі дәрежесі берілді.

Досумбекова Сандигуль Габдулманаповна 2022 жылы Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде MDN№00020944508 Тиркеу нөмері 2155, 7 МО1551 «Информатика» мамандығы және білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі дәрежесі берілді. Ғылыми және педагогикалық қызметпен айналасуға құқық береді.

Қожаева Айсымбат Айдынқызы 2020 жылы ӘЛ-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне түсіп 2022 жылы 23 маусымдағы №6 хаттама 7М01105-Педагогика. Білім беру менеджмент педагогика ғылымдарының магистрі дәрежесі берілді.

Тлейхан Ақерке - 2021жылғы «30» маусымнан бастап Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде MDN№00015190794 Тиркеу нөмері 1353, 7 МО1701 «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы және білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі дәрежесі берілді. Ғылыми және педагогикалық қызметпен айналасуға құқық береді.

Байбусунова Наргиз Манаровна- 2023жылғы «30» маусымнан бастап Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде MDN№00020943943 Тиркеу нөмері 2048, 7 МО5202 «География» мамандығы

және білім беру бағдарламасы бойынша жаратылыстану ғылымдарының магистрі дәрежесі берілді. Ғылыми және педагогикалық қызметпен айналасуға құқық береді.

Ғылыми-педагогикалық магистратура жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына және ғылыми педагогикалық кадрларды даярлауға бағытталған. Педагог-магистрлердің іргелі ғылыми және кәсіби дайындығы бар, қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды, зерттеу әдістерін меңгерген. Магистрлер білім берудің маңызды міндеттерінің бірін шешеді, оқушылардың осындай білім деңгейі теориялық немесе қолданбалы сипаттағы дүниетанымдық және зерттеушілік мәселелерді өз бетінше шығармашылықпен шешу үшін жеткілікті. Мектепте жыл сайын ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша магистр бар мұғалімдер саны артып келеді.

Мұғалімнің кәсіптік деңгейінің негізгі көрсеткішінің бірі оның біліктілік санатына байланысты. ***Сондықтан, осындай проблема туындайды: мұғалімдердің кәсіптік өзін - өзі бағалау деңгейі төмен. Қорытынды: мұғалімдерді дұрыс бағыттап, «педагог- шебер», «педагог- зерттеуші» ұстаздардың санын көбейту.***

Жас мұғалімдермен жыл бойы атқарылған жұмысының нәтижесі

Жас маман мектебінің мақсаты тәлімталышулырға тәжірибелік көмек көрсету, теориялық және практикалық білімдерін жетілдіре отыра білім сапасын арттыруға бағыт, бағдар беру. Іс-тәжірибесін жинақтап, бүгін жас мамандар жылдық жұмысының есебін берді. Ұстаздық жолында шығармашылық табысқа ұмтылған мектептің жас мұғалімдері ұрпақ тәрбиесіндегі еңбектерінде жауапкершілікті жоғары бағалайтынын аңғартты. Ұстаздар жыл бойы мектепте өткен оқу-тәрбиелік іс-шараларға, қоғамдық жұмысқа белсене араласып, өздерін басқа да қырларынан таныта алды. Жас мұғалімдер өз білімдерін шыңдау үшін тәлімгерлерінің сабағына үнемі қатынасып тәжірибе жинақтайтындар атап өтті.

Жас мамандардың педагогикалық шеберлігін, белсенділігін дәлелдеу және сабақ беру кезінде кездескен қиындықтары мен жеткен жетістіктері туралы жеке дара сұхбат жұмыстары жүргізілді. Жас мамандардың педагогикалық шеберлігін, белсенділігін дәлелдеу және әр түрлі деңгейдегі оқушылармен жеке-дара жұмыс істеуіне көмектер көрсетілді.

Жалпы 2023-2024 оқу жылында жас мамандармен көптеген іс-шаралар атқарылды. Қыркүйек айында жас мамандармен тәлімгерлері арасында отырыс өтті, сабақтың құрылымы, сабақ типологиясы, сабақты жоспарлау бойынша дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Қазан –қараша айларында жас мамандардың сабақтарына қатысып, бақылау жасалынды. Дарынды баламен қалай жұмыс жасау керектігі, ғылыми жобаны мен олимпиадаларға оқушыны қалай тарту керектігі жөнінде тәжірибелі мұғалімдер өз тәжірибелерімен бөлісіп, отырыс өткізілді.

Желтоқсан айында инновациялық қызметтің ерекшеліктері, Инновациялық қызметтің құрамдас бөлімдері, жаңашылдықты енгізуде кездесетін кедергілер және оны жою жолдары бойынша жас мамандармен отырыс өтті, оған тәжірибелі ұстаздар, тәлімгерлер қатысты, мұғалімнің жаңашылдық қызметі жайлы, жаңа технологиялар туралы баяндама оқылды.

Қаңтар-ақпан ойындағы отырыста жас мамандармен мұғалім құзырлығы және оған қойылатын талаптар туралы, білім беру технологияларын оқу-тәрбие үрдісіне негізу жолдары мен ерекшеліктері төңірегіндегі мәселелер қозғалды.

Жыл бойы жас мамандардың сабақтарына қатысып, қандай жұмыстар атқару керектігі жайлы ақыл-кеңестер берілді. Біліктілік арттыру курстарына дайындық басталды, оқушының және мұғалім тарапынан жетістікке жету жолдары қарастырылып, әр түрлі конкурстар мен сайыстарға қатысуға шақырылды.

2023-2024 оқу жылында 5 жас маман жұмыс жасайды. Тәлімгер мен жас маман арасында бірлескен жұмыс жоспары жасалсын және төмендегі жас мамандарға төмендегі мұғалімдер тәлімгершілікке тағайындалды.

№	Жас маманның аты-жөні	Сабақ беретін пәні	тәлімгері
1	Казбекова Риза Амангельдиевна	Бастауыш сынып	Аккожина Асемгуль Бакытовна
2	Баймұрат Ерденбек	Химия пәні	Авчукир Аманхан
3	Самиға Ақмарал Көмекбайқызы	Бастауыш сынып мұғалімі	Саруарова Ақгуль Азимовна
4	Шортан Айнагуль	Бастауыш сынып мұғалімі	Арипова Жанар Райымбековна
5	Жұмаділ Арайлым Серікқызы	Бастауыш сынып мұғалімі	Кунанбаева Мейрамгуль Муратбаевна

Казбекова Риза Амангельдиевнаның, Самиға Ақмарал Көмекбайқызының, Баймұрат Ерденбектің сабақтары үш бірлікті дидактикалық мақсатты орындау тұрғысынан нәтижеге жетті. Сабақтардың құрылымы жүйелілігімен, барлық кезендердің ойластырылғандығымен, сондай-ақ сыныптың өз ерекшелігіне сәйкес оқу материалын дұрыс таңдауымен ерекшеленеді. Қорытынды: Жалпы келген мұғалімдердің ұжымымызға тез сіңісіп, бір жағадан бас, бір қолдан жең шығаруға әрекет жасауды бірлестік мүшелеріне де байланысты деп ойлаймын. І ж/ж ЭБ үш отырысында да өзара мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсетілді, қиындықтардан шығудың ұтымды жолдары қарастырылды.

Жоспарланған жұмыс: Заманауи педагогикалық және ақпараттық технологияларды енгізу; оқушылар үшін де, мұғалімдер үшін де конкурстарға, олимпиадаларға белсенді және нәтижелі қатысу.

Болашақта аға ұстаздардың ізін басушы, жаңа заманға сай интернет, компьютер, электронды ақпараттар арқылы жұмыс жасай алатын, өз білімімді жетілдіре білетін, шығармашыл ізденісте қажымайтын, жаңа технологиялардың қыр сырын меңгеріп аша алатын жас маманның бірі бола алады.

